

бойынша бағалау. Қорыту	<p>Айқындап, түсіндіріп, берем нағыз. Белгінің менде болар екі түрі, Кәдімгі кезбе үтір- оның бірі Кей кезде сызықшаны керек етем, Үтірдің ауыр болса алған жүгі. Қосарланған, қосалқы топтарым бар, Тең тіркесіп, дефиспен тұрады олар. Орынды ауыстырсам жөнім де бар, Өзгермейді сонда да мағыналар.</p> <p style="text-align: center;">“Қызықты грамматика” жинағынан</p>
----------------------------	---

Әдебиеттер:

1. Есенов Қ.М. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010, 226 бет.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Ана тілі, 1992, 246 бет.
3. Боранбай Б.Е. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде) – Алматы, 2013.
4. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру // Қазақстан мектебі, № 5, 2013.
5. Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология. (Оқулық) –Тараз. ТарМУ, 2003.

Тұтқыш А.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ИО-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Бейсенбекова Н.А.*)

Е.Б. БЕКМАХАНОВ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХ

Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды, - деп келетін мақал елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бар мәнін ашып тұрғандай. Бұл мақаланы оқи отыра Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығын, бабаларымыздың батырлығын көруге болады. Бұл стратегиялық мақаласы елімізді және оның халқын көп қырлы және жан-жақты тарихын түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда тарихшы тұлғаларымыздың алар орны ерекше. Отандық тарихтың тарихнамасына елеулі үлес қосып, еңбектерінде көтерілген тарихи мәселелер тарихнамадағы XX ғасырдың басындағы атақты ғалым тарихшы Ермұхан Бекмаханов.

Тарихшы Е.Б.Бекмахановтың «XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан» [1] деген ғылыми еңбегіне жазылған сын-пікірлер, оны айыптаған сот үкімінің шешімдерінің мазмұнынан біздің осы мақаламыздың тақырыбына байланысты негізгі проблемаларды табуға болады. Тарихшының трагедиялық өмірі және оның осы монографиясын жазу барысындағы пайдаланған деректері, әдіс-тәсілдері XX ғ. 40-ж. өзінде-ақ бүгінгі тарих ғылымындағы зерттелуді қажет ететін проблемаларды көрсете білді. Біз оларды біз былайша топтастырдық:

1. Қазақ тарихын жазу үшін қажетті деректердің ішіндегі құндыларының бірі - ұлттық дерек (ақын, жыраулар шығармалары, шежірелер, ұлттық аңыздар, эпостық жырлар). Яғни, бүгінгі біз айтып жүрген ұлттық деректердің, ауызша тарихи дәстүрлердің, фольклордың маңыздылығын ғалым сонау XX ғ. 40-50-жж. айтқан.

2. Оны буржуазияшыл деген айыптаудан Қазақстан тарихындағы зерттелетін проблема ұлттық буржуазия, оның қоғамдағы рөлі деген проблема айқындалды. Буржуазияшыл-ұлтшылдық, ұлт мүддесін қорғаған, Алашорда мүшелерінің шығармаларын пайдаланды деген айыптаудан, ұлттың тағдырын ойлаған қазақ зиялыларының тарихын болашақта зерттелетіндігін көрсеткен. Бүгінде Отандық тарихта бұл проблема өзекті болып отыр. Қазіргі кезеңдегі тарихшы-ғалымдардың зерттеулері соны дәлелдеді.

3. Оны байшыл-феодалдық, хандық үкіметті жақтаушы деген айыптаудан - сол кездің өзінде Е.Б.Бекмахановтың Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру мәселесін қозғап, сол үшін күресе отырып, тәуелсіз мемлекет деген тақырыпты зерттеуді тарихшылардың зердесіне салады.

4. Орыс халқына қарсы күресті деген айыптаудан Қазақстан тарихында сол кезде әлі толық зерттелмеген орыс-қазақ байланыстары тақырыбын күн тәртібіне шыққаны көрінеді. Патша үкіметінің Қазақстанға жүргізген саясатының түпкі мақсатын объективті тұрғыдан ашуды тарихшылардың алдында міндет етіп қалдырды.

5. Сұлтандар мен хандарды, батырларды жақтады деген айыптаудан Е.Б.Бекмаханов заманында әлі зерттелмеген қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрлымы проблемасы көрсетіледі. Мысалы, Едіге батыр туралы деректерді келтіре отырып, еңбек жазуы ұлттық батырларды ру батырларына бөлмей, олар жайлы ерлердің ерліктері сериясын жазу керектігі де Е.Б.Бекмахановтан басталды. Бұл ұлттық сананы оятуда, азаттық қозғалыстағы қазақ батырларының рөлін көрсеткен алғашқы еңбек болды.

6. Е.Б.Бекмахановтың еңбегіндегі көтерілген саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелері, жер қатынастарын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

7. Е.Б.Бекмаханов Қазақстан тарихында тарихшы М.П.Вяткиннен кейін екінші болып (ал XIX ғ. проблемаларын зерттеуші бірінші тарихшы ретінде) ұлт-азаттық қозғалыс, тарихи тұлға мәселелерін теориялық, методологиялық проблемаларды зерттеудің қажеттілігі туралы сол кездегі одақтас республикалардың тарихшыларына ой салды.

8. Тұңғыш рет 1943 ж. «Қазақ ССР тарихы» шықты. Ол тарихи оқиға болды. Е.Б.Бекмаханов сол кезінің өзінде отандық тарихты жазу керектігін көрсетті. Бұл КСРО-ның басқа халықтарының тарихын жазудың бастауы болды.

9. Бүгінгі күні өзекті болып отырған ұлттық оқулық жазу мәселесін де алғашқы болып көтерген Е.Б.Бекмаханов.

10. Е.Б.Бекмаханов еңбегінде Алтын орда және оның Ресеймен қарым-қатынасы, Русь және Дешт-Қыпшақ, патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген саяси-әкімшілік реформалары, қырғыз-қазақ қатынастары, ел билеудің дәстүрлі институттары, орыс-қазақ шаруаларының бірлескен күрестері, Қазақстанның Қытаймен, Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтарымен қарым-қатынастары деген күрделі проблемалардың орын алуы болашақ тарихшылардың жеке зерттеу объектісінің бастауы болды.

11. Е.Б.Бекмаханов еңбегі отандық тарихта тарихнамалық еңбек жазудың үлгісі болды, өйткені оның еңбектерінде келтірілген архив деректерінің өзі Қазақстан тарихын зерттеудегі пайдаланатын ғылыми зерттеудің бір саласы болып табылады.

12. Е.Б.Бекмахановтың еңбегіндегі қазақтың дәстүрлі қоғамындағы жіктелу процесін көрсету тарихшылардың жаңа зерттеулерінің тақырыбы болды. Е.Б.Бекмахановтың еңбегіндегі қазақтың дәстүрлі құқығын әлеуметтік-экономикалық қатынастарды зерттеудің негізгі дерегі ретінде пайдалануы ғылыми зерттеудің жаңа бір объектісін тудырды.

13. Оның түрмеден жазған хаттарынан, көрген азаптарынан 1991 ж. дейін зерттелмеген тарихи проблема Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген зорлық-зомбылығы деген тақырып XX ғасырдың 40-50-жж. күн тәртібінде тұрды.

14. Е.Б.Бекмахановты айыптау құжаттарынан қазақ зиялыларының 1937 ж. кейінгі екінші құдалау тарихын зерттеуге қажетті деректер алуға болады.

15. Ұлы Отан соғысы жылдары жауынгердің рухын көтеру жолдарында атқарылған көп шаралардың бірі (отандық тарих үшін ең үлкені, маңыздысы) Қазақ ССР тарихының, оның Ішінде Отанымызды қорғаған Кеңесары Қасымов туралы оның жазған еңбегінің бүгінде «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихтағы тұлғалардың ерліктерін объективті түрде бағалап, еңбек жазуға үлгі болатыны даусыз.

Сонымен, қорыта келгенде, Е. Б. Бекмаханов еңбектерінде көтерілген проблемалар бүгінгі тәуелсіз еліміздің өткен тарихын объективті тұрғыдан зерттеуге бағыт беретін үлкен ғылыми мәселелер бар. Олай болса, Е.Б. Бекмахановтың құнды еңбектеріне жаңаша баға беру және Отан тарихы жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Е.Б.Бекмаханов бастаған ұлы тарихшылар көшін бүгінгі тәуелсіз елдің тарихшылары жалғастырып келеді.

Осындай мақсаттарды шешу үшін Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты 1998 жылдан бастап «Отан тарихы» журналын шығарып, оның беттерінде 260 жылдан астам отарлық езгіде болған қазақ халқының рухани жаңару үрдісі туралы және қазақ мемлекетінің (хандығының) құрылу тарихын жаңаша жазған мақалалар жарық көрді. Қазақстан тарихына қатысты Қытай, Иран, Мысыр, Ресей т.б. елдердегі мұрағаттардағы тарихи деректер, қолжазбалар, кітаптар жинау жұмысы жүргізілді. Соның негізінде тарихшылар «Ақтандақтар» деген атпен белгілі тарихымыздың өзекті проблемаларына арналған еңбектер жазды.

Еліміз тәуелсіз болды. Жаңа заман басталды, ол тәуелсіздік дәуірі. Тәуелсіздік ұлттық сананы оятты. Ол «Отан», «Бостандық», «Тәуелсіздік», «Егемендік», «Ұлтжандылық» деген ұғымдарды тәуелсіздік биігінен қайта қарауға әкелді. Оның дәлелі Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы № 3790 Жарлығына сәйкес Президент шешімімен 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих» жылы деп жарияланды. Тәуелсіздікке жеткенге дейін Евроцентристік тарихи сана қазақ халқының ұлттық өркениеті болғандығын жоққа шығарып келді. Сондықтан тарихшылардың

міндеті – қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту, ұлттық мүддесінің мәнін түсіндіру болды. Осы орайда зиялылардың дүниетанымы қоғамның айнасы, билік жүйесіндегі зиялылардың іс-әрекетінен прогрессивтік дамуды байқауға болатындығын айта келе, М.Қ.Қозыбаев зиялы қауымның анықтамасын береді.

Зиялы қауым - ұлттың ұйытқысы, қамқоршы қорғаны, ұлттың тірегі, рухани білегі, ұлттың сарқылмас қоры, ұлттың бір қанаты, әлем таныр санаты, ұлттың айбыны, әлемдік кеңістікке жүзер айдыны деп анықтайды. Оның еңбектеріндегі методологиялық маңызы бар мәселенің бірі «ұлт-азаттық қозғалысы, «Отан соғысы», «ұлт-азаттық революциясы», «демократиялық қозғалыс» сияқты ұғымдар. Ол мәселе туралы автор ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты ұлтты езгіден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру дейді.

Сонымен қатар М.Қ.Қозыбаев, қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысының біздің пікірімізше мынандай шартты кезеңдерін көрсетеді.

I-кезең. Бұл қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың Ібір-Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысы.

II-кезең. Қазақ елінің оңтүстігі - Жетісу, Сыр бойы жоңғарларға, Қоқан-Хиуа хандықтарына тәуелді болуы.

III-кезең. А.И.Тевкелевтің Әбілқайыр ханмен әуелі жасырын, соңынан баршаға аян болған миссиясының басталуы. Халық бастаушы ел билеуші топтың екіге бөлінуі, олардың қалың тобы Ресейге қосылуға қарсылық білдіреді.

IV-кезең. Қазақ даласы таланып, патша өкіметі оның қарулы күшін казактар жасағы хан, сұлтандармен бірігіп, зорлық-зобалаң мемлекеттік дәрежеге көтерілген кезде өрбуі.

V-кезең. Ұлт-азаттық қозғалысы хан Кене бастаған кезде лаулауы. Бұл қозғалыс қазақ мемлекеттілігі, халықтың бірлігі үшін өрбуі.

VI-кезең. XIX ғасырдың басында етек алып, қанатын жаюы. Ағартушылардың артын ала халық қарсылығын европалық бағытпен дамытпақ болған, реформатор зиялы қауым тобының бастауы.

VII-кезең. 1917 ж. Ақпан және Қазан революциясы, азаматтық қарама-қарсылық кезінде дамыды да, күшпен коллективтендіру кезінде 370-тен астам шаруалар қарсылығының жеңілдеуімен аяқталуы.

М.Қ.Қозыбаев Қазақстан тарихшыларының осы кезге дейін ұлт-азаттық қозғалысын біріншіден, жеке-жеке қарап келдік. Ал шын мәнінде Исатай мен Махамбеттің (1836-1837 жж.) Кенесарының (1837-1847 жж.), Жанғожаның (1856-1857 жж.) Есеттің (1855-1858 жж.) т.б. көтеріліс, қазақ елін тұтас қамтып, бірі басылса. Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс әлемдік ұлт-азаттық қозғалысының, дүниежүзілік отарлық жүйеге қарсы күрестің құрамды бөлігі деп жазды.

Ғалымның еңбектерінде ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы - ұлт азаттық қозғалыс, ол ұлттық сананың өсу процесінің құрамды бөлігі деп тұжырым жасайды.

Отандық тарихтың өзекті мәселелерін зерттеуші тарихшылардың бірі Талас Омарбеков. Оның «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» [2] деген еңбегі біздің пікірімізше өте құнды. Еңбек үлкен екі бөлімнен тұрады. Әр бөлімі өз кезегінде бірнеше тарауларға бөлінген. Отандық тарихтың және тарихнаманың методологиялық мәселелері туралы өзіндік пікірін берген, тарихты кезеңдерге бөлу туралы әртүрлі авторлардың көзқарасын талдап беріп, бүгінгі күнгі тарих ғылымында терең зерттеуді қажет ететін өз кезегінде Е.Б.Бекмахановтың зерттеуге мүмкіндігі болмаған күрделі мәселелері бойынша тұжырымдамалық ұстанымдарды берген тарауы қызығушылықты тудырады.

Саяси элитаның қалыптасу барысы және қызметін, ұлттық мемлекетті қалпына келтіру ісіне ғұмырын арналған XVIII-XX-шы ғасырлар аралығындағы қазақ зиялыларының қызметі мен тағдыры жайлы тарихшылар М.Қойгелдиевтің еңбектерінің маңызы зор. XX ғасырдағы Алаш – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы ірі екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңнің (1905-17 жж.) оқиғалары мен ерекшеліктері монографиялық зерттеудің бірінші кітабында баяндалды. Азаттық қозғалыстың екінші кезеңі (1917-32 жж.) советтік биліктің қалыптасуымен жүргізген реформалар шараларына тұспа-тұс келді. Зерттеу жұмысының екінші кітабы азаттық үшін күрестің осы мезгілдегі бағыттары мен ерекшеліктерін көрсетуді мақсат етеді [3].

Осы мәселені зерттеп жүрген тарихшы ғалым Х.Әбжанов. Оның еңбектерінде Қазақстан тарихы мен мәдениеті, ұлт – зиялыларының қалыптасу үрдісін ашатын теориялық – методологиялық тұжырымдар және Отандық тарихты кезеңдеу проблемалары қаралады. Г.Назарбаевамен бірлесе жазған «Қазақстан: Тарих. Тұлға. Теория» деген еңбегінде Қазақстанда тоталитарлық мәдениеттің қалыптасуының 1917-1991 жылдар арасындағы тарихы жазылады. Соның ішінде халық ағарту мәселелері, Кеңес үкіметінің әліпбилік сауатсыздықты жою үрдісін ұйымдастырудағы озбырлығы

соған байланысты арнайы декрет - ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою жөнінде курстар, ересек адамдар үшін міндетті оқуды енгізу туралы ережелерге байланысты тарихи фактілерді талдай келе, декреттің қағаз жүзінде қалғанын көрсетеді [4].

Тәуелсіз ел болған жылдардан бастап Орталық Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының тарихшы ғалымдары Қазақстан тарихының күрделі проблемаларын жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеуде өз үлестерін қосып келеді. Қазақ халқының тарихындағы XX ғасырдың трагедиясын зерттеуде елеулі еңбектер жарық көрді. Солардың бірі Қ.С. Өскембаевтың «Ә.Ермековтің қоғамдық – саяси және ағартушылық қызметі» деп аталады. Еңбек тарихи деректерді талдау негізінде халқына адал қызмет еткен. «Алаш» қозғалысының көшбасшыларының бірі, көрнекті, мемлекет қайраткері, саяси қуғындалған Әлімхан Ермековтың өміріне арналған. Бұл еңбекте бірінші рет архивтік деректер ғылыми айналысқа енгізіліп, проблеманың тарихнамасы, дерктік негіздері жан-жақты қарастырылды. Осы зерттеу тарихи тұлғалар туралы тарихнамаға қосылған маңызды еңбектің бірі [5].

Қазақ халқының тарихында XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Қазақстандағы Россиялық билік, басқару жүйесінің тарихын зерттеп жазған автордың бірі Б. Абдрахманова. Автордың “История Казахстана: власть, система, управления, территориальное устройство в XIX веке” деп аталатын монографиясы жарық көрді. Бұл еңбек архив деректерін жаңа ғылыми айналысқа енгізіп тарихшылардың танымын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Автор өз еңбектерінде 1867-1868 жылғы басқару реформасының мазмұнын талдап, оның іске асуы және әлеуметтік, азаматтық құқықтық жақтарына объективтік баға береді. Бұл ғылыми зерттеу еңбекті қазақ даласын Россия үкіметінің отарлау саясатының мәнін талдауға арналған тарихнамадағы жаңа көзқарастардың бастауы деуге болады [6].

Отандық тарихнаманың күрделі бір бөлігі ретінде археология ғылымының тарихнамасы да жазылуда. Орталық қазақстанның қола дәуірін зерттеуде ғалымдар С.У. Жауымбаев, В.В. Евдокимов, В.В. Варфоломеев, О.С. Шохатаев, А.И. Кукушкин еңбектері өте жоғары. Осы салада тарихшы-археолог С.У.Жауымбаевтың «Горное дело и металлургия бронзового века» деген ғылыми еңбегі жарық көрді. Автор 30 жылдық далалық археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жинаған деректерді талдау негізінде Сарыарқадағы көптеген көне кен орындарының орындарындағы ескерткіштерді жүйелеп тау кен және металлургия құралдарын, метал өндірісін, қола өндіру және қолдан бұйымдар жасау әділ-тәсілдерін зерттеп жазады. Автордың пікірінше Орталық Қазақстанда қуатты тау-кен металлургия орталығы болған, оның өнімдерін Орталық Азия, Волга жағалауы, Оңтүстік Сібір тұрғындары пайдаланған. Монографияда көне металлургиягердің қоныстары, олардың мыс өндіру технологиясы жан-жақты баяндалады. Бұл еңбек Қазақстан археологиясындағы қызықты қола дәірінің зерттеу тарихнамасында өзіндік орыны бар [7].

Орталық Қазақстанда Отандық тарихтың әртүрлі проблемаларын зерттеп жүрген маман тарихшылар көп, олардың да еңбектерінің тарихнамалық тұрғыдан талдап жазу, оқу құралының екінші томында беріледі.

Сонымен қатар «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смагулова, Л.К. Шотбакова Ә.Бөкейханның туылғанына 150 жыл толуына байланысты біраз мақалалармен қатар «Әлихан Бөкехан – ұлт мақатанышы» атты монография жазып шығарды [8]. Монографияда ұлт мақтанышына айналған тарихи тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты деректер және тарихнамалық шолу берілген, оның өмірнамасы баяндалған. Сонымен бірге Әлихан Бөкейханның мемлекет, саяси және қоғам қайраткері екені деректер арқылы нақтыланып, оның рухани мұрасының жекелеген тұстары сарапталған. Біздің пікірімізше еңбекте проблеманың тарихнамасы жан-жақты берілген. Осы авторлардың жарыққа шығарған еңбектерінің бірі – «Алаш арыстары: ой толғау» [9]. Кітапқа XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, Алаш партиясының негізін салушы Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуына орай Алаш арыстарының артында қалған мұраларындағы ұлттық мүддені дәріптейтін ой-толғауларынан үзінділер енді.

Біз қысқаша шолу жасаған ғылыми еңбектер Отандық тарихтың тарихнамасына елеулі үлес қосады. Бұл еңбектерде көтерілген тарихи мәселелер тарихнамадағы XX ғасырдың басындағы атакты ғалым тарихшы Ермұхан Бекмаханов көтерген өзекті мәселелердегі «ақтандық» беттерді толтыратыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекмаханов Е. Б. XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан. А., 1992.
2. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995

4. Г.Назарбаева, Х.Әбжанов. Қазақстан: тарих пен тағдыр. – Алматы, 2003. - 296 с
5. Өскембаев Қ.С. Ә.Ә.Ермековтың қоғамды-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970). - Қарағанды, 2003. – 202 бет.
6. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть и система управления, территориальное устройство в XIX веке. - Астана, 1998. – 430 с.
7. С.У.Жауымбаев. «Горное дело и металлургия бронзового века Сарыарки». – Қарағанды: Изд-во КарГУ, 2001. – 164 с.
8. Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Шотбакова Л.К. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтаншы: монография. / Қарағанды: «Гласир» баспасы, 2016. – 198 бет.
9. Алаш арыстары: ой-толғау - Қарағанды: Изд-во: ТОО «Tengri LTd», 2016. – 52 бет.

Чапанова Л.А., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. МК-65, магистрант
(*Научный руководитель — д.фс.н., профессор Карипбаев Б.И.*)

СТРУКТУРА ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ГНОСЕОЛОГИИ

Само слово есть основной способ шифровки информации о вещах, деяниях и происшествиях. Из-за того, что слово обобщает, оно допускает взаимопонимание между людьми, что является базой коммуникаций между ними.

Но, взглянем на конструкцию самого языка под углом зрения гносеологии. Язык в этом сфере определяется как система символов, имеющих значения.

Считается, что знаки и их смысловые значения в языке образуют относительно замкнутую и отдельную самостоятельную систему, имеющую свои правила. Основным является то, что язык не просто система символов, а символы, имеющие свои значения. Язык занимает важную нишу в жизненном пути индивидуума, а также во всей истории цивилизации. С помощью языка человек использует свое умение абстрактно мыслить, выделять определенные качества, обобщать какие-либо данные, благодаря языку люди понимают самих себя, свои эмоции, свое отношение к близким.

В качестве знаков могут выступать звуки, чертежи, жесты, рисунки и т.д.

Эти знаки определяются органами чувств любого человека, влияют на сознание человека и на нервную систему. Знаки - это мини-сигналы. Знаки заключают в себе информацию о предметах, или вообще заменяют их. Под информацией при этом понимается чувственный или понятийный, образ, который человек использует в своем мышлении и который появляется у другого человека при видении определенного знака. С помощью замены существующих в реальности предметов знаками, пропадает необходимость их использования.

При этом, одна и та же информация может быть заключена в разных знаках. Обратите внимание: разные слова на разных языках идентичны одному образу. Говоря по-другому, соотношение между знаком и значением случайна и неоднозначна, несмотря на то, что исторически образование слов действует во взаимосвязи необходимости и случайности [1, с. 121].

Многие ученые справедливо считают, что знак — это средство познания, а не его объект.

Значительно отличается от материального и художественного образа гносеологический образ, с которым непосредственно связан тот или иной знак. Его отличительные особенности – изоморфность и бессубстратность, а также проективность и аксиологичность [1, с. 125].

В настоящее время имеет место быть специальный род знаков, у которых внешнее выражение соотносимо с предметом отражения.

Перейдем к чувственно-сенситивному видению действительности в связи с абстрактным мышлением. Такой подход к анализу уже дал разглядеть наличие при чувственном отражении таких форм, которые, как казалось, не должны выходить за рамки понятий, ведь здесь есть суждения, которые связаны с оперированием чувственно-сенситивными представлениями. Но анализ показывает, что при чувственном отражении постоянно применяются и слова-понятия.

Для должного понимания этого феномена необходимо перейти к деятельностному подходу и к общественной стороне суждения. Обратимся к рассуждениям, опубликованным в книге А.Р. Лурия «Язык и сознание». Лурия отмечает, что если бы люди, произнося «поле», имели в виду лишь одно определенное поле, а слышащий это, не имеющий определенного опыта, не понимал бы общего смысла этого слова, он не сумел бы донести до оппонента свою мысль. Но, вспомним, что слова «поле» или «коробка» имеют обобщенное значение, а это и есть главное правило взаимопонимания между людьми, условие того, что любой человек, называя что-то, может донести свою мысль. Даже в